

Денисов ауданы бойынша өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын, өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 197 қаулысы. Қостанай облысы Денисов ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 26 шілдеде № 9-8-204 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 2013 жылғы 4 сәуірдегі № 07-07/375 хаты)

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 04.04.2013 № 07-07/375 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 5) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңының 5 бабы 3 тармағының 3) тармақшасы негізінде, Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Денисов ауданы бойынша өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері белгіленсін:

1) дәнді дақылдарды (жаздық бидай, арпа, сұлы, тары, қарақұмық) 2012 жылдың 15 мамырынан бастап 5 маусымына дейін;

2) майлы дақылдарды (рапс, күнбағыс, зығыр, арыш, сафлор, қыша) 2012 жылдың 18 мамырынан бастап 30 мамырына дейін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің орынбасары Т. Б. Рамазановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы мамырдан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

В. Ионенко

КЕЛІСІЛДІ:

**"Денисов ауданы әкімдігінің
кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК